

Егемен Қазақстан

Ү. Д. Мұналбаева
Ұлттық академиялық кітапхананың басшысы

Жаңашылдықтың жолбасшысы – оқырман

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханаға биыл он жыл. Қазіргі ұшқыр заманда он жылыңыз жаңалық пен жаңашылдыққа толы үлкен белес. Оның ішінде республикалық деңгейдегі кітапхананың мүмкіндігінше жаңа технологиялармен жұмыс істеуі, жаңашылдыққа ұмтылуы заңды құбылыс. Осы он жылдыққа орай Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Үмітхан Мұналбаеваға жолығып, кітапхананың тіршілігіне қатысты бірқатар сұрақтар қойып едік.

– Үмітхан Дәуренбекқызы, өзіңіз басқаратын Ұлттық академиялық кітапхана қызметі жылдан-жылға дамып, кітап саны көбейіп, жаңа технологияларды пайдалану еселеніп келе жатқанын баспасөз арқылы біліп отырамыз. Өзіңіз келгелі бері мұнда қандай оң өзгерістер орын алды?

– Бар білімнің бастауы – кітап. Кітап бетінен біз өзімізді толғандырған сауалдардың жауабын табамыз. Демек, қай мемлекеттеде мәдениеттің маңызды тармағы – кітапхана, сондықтан негізгі мамандығым ағарту һәм заңға қатысты болғанымен, соңғы жиырма шақты жылда мәдениет саласында еңбек етіп келе жатқандықтан, кітапхананы жат сына қойғаным жоқ. Оның үстіне ұжым да жақсы жасақталған, білікті ма ман дарға кенде емес екен. Меніңше, кітап хана үшін біріншіден, ең қымбат қазына – кітап болса, екінші кезекте – оқыр ман тұрады. Біздің мақсат – оқыр мандарға жайлы жағдай жасау, пай даланушының талап-тілегін қандай жағ дайда да қана ғаттандыру. Осындай ұс таныммен оқырмандарға қызмет көрсету кестесіне өзгерістер енгіздім, жаңа кес теге сәйкес кітапхана күнде таңғы 9.00-ден кешкі 20.00-ге дейін үздіксіз оқырманын қабыл дай береді. Тағы бір тосын сыйы м ыз – ол ғаламторға ақысыз ену мүмкіндігі. Осылай, цифр- лы дәуірде қағазсыз технология басымдыққа ие болып отырғандықтан, оқырмандардың ақпарат көздеріне ашық әрі кедергісіз қолжеткізу жағы ескеріліп отыр.

– Академиялық кітапхананың тұрақты оқырмандары көбейді дейсіз ғой?

– Статистикалық көрсеткішке сүйенсек, өткен жылғы және биылғы сәйкес мерзімдерді салыстырғанда биылғы бес айдағы пайдаланушылар қатары 2 есеге (шілдеде 3 есеге, қазан айында 2,5 есеге) өскені байқалады. Сөзіме дәлел келтіре кетсем, 2013

жылғы оқырмандардың жалпы саны маусым айында – 1665, шілдеде – 985, тамызда – 1620, қыркүйекте – 2504, қазан айында – 1200-ді құраса, биыл бұл көрсеткіш маусымда – 3470, шілдеде – 3169, тамызда – 2610, қыркүйекте – 3042, қазан айында 2816-ға жеткен. Осы орайда, жаңадан қосылған оқырмандарымыздың орны басым болып тұр.

– Білуімізше, кітапханада жас оқырмандарды да қабылдай бастапсыздар. Балаларға арналған «Шаңырақ» залын ашу идеясы қалай туындады?

– Егемен еліміздің ертеңі – балалар. Сол балғындарға барынша көңіл аудару қажеттігі әлемдік тәжірибеде бар. Өйткені, олар замана талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуы үшін өз алдына бөлек кеңістік керек. Ойлап отырсам, қалалық деңгейдегі балалар кітапханасының көпшілігіне жеке ғимарат бөлінбепті, сол баяғы ескі тұрғын үйлердің бірінші қабатына қоныстандырылған. Бұл басқаны қайдам, өзімді алаңдата бастады. Сөйтіп, шетелдік кітапханалардың бағыт-бағдарын зерделеп көрдім. ХХІ ғасырдың басында әлемнің дамыған елдерінде Ұлттық балалар орталықтары пайда бола бастаған. Айталық, 2006 жылы Сеулде соңғы технологиялармен жарактандырылып, балаларға арнайы ашылған Ұлттық кітапхана қазіргі кезеңде жас тұрғындарға ерте таңнан түнге дейін тынымсыз қызмет көрсетуде. Міне, осыдан-ақ Оңтүстік Кореяда оқу білімге айрықша назар аударылатынын аңғарасыз. Сондай-ақ, Токиодағы Ұлттық кітапхананың ғимаратында Халықаралық балалар кітапханасы есік ашқан екен. Бұдан бөлек, Батыс елдеріндегі бірқатар белгілі кітапханалардың өзінде балаларға ересектермен тең деңгейде қызмет көрсетіліп келіпті. Соған қарағанда, оқырмандарды жас ерекшеліктеріне қарай бөліп-жару батыстықтарда болмаған көрінеді. Шындығында, жас болсын, жасамыс болсын оқырман – ол қашан да оқырман! Осындай ойларымды саралай келе, балапандарды қанатымыздың астына алуды құп көрдім. Көптеген елдердің «Кітапхана ісі туралы» заңдарында балалар мен жасөспірімдердің кез келген кітапхананы пайдалануға құқылы екендігі жазылып көрсетілген. Мұнымен қоса, «Адамның бір қызығы бала деген, Баланы оқытуды жек көрмедім», – деп ұлы Абай қазақ баласының өзгелермен теңдей дәрежеде оқып, білім алуы қажеттігін аманат еткені есімізде емес пе?! Анығында, оқу – қазіргі қоғамдық мәселеге айналды. Сондықтан балалардың оқуға деген ынта-жігерін ерте жастан ояту арқылы ғана мәселені шешуге болады деп есептеймін.

– Кітапхана әкімшілігі тарапынан интеллектуалдарға қолдау көрсету мақсатында жас ақындарға арнайы алаң ұсынылыпты?

– Кітапхана қабырғасы қашанда таңғажайып оқиғаларға куә болып келеді. Сол қатардағы салалық салмақты жобаның бірі – жас ақындар клубы. Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатында әзірленген Қазақстанның Мәдени саясат тұжырымдамасын жастар арасында насихаттау, сондай-ақ, осы саясатқа сәйкес елімізді мәдениеттілікке қалыптастыру үшін кітапханада «ТӘЖ» клубы құрылды. Клубтың міндеті – ұлтымыздың рухани құндылықтарын, философиясын, поэзиясын өскелең ұрпаққа жан-жақты насихаттау, әдеби-көркем шығармашылықты дамыту үшін Астана қаласында жастарға барынша қолайлы жағдай жасау, жас дарындарға қолдау көрсету, еліміздегі танымал тұлғалармен еркін байланыста болу үшін кітапханада шығармашылық кештер өткізу, сондай-ақ, кітапхана мен оқырман, оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайта түсу. Ақын-жазушылардың жалпы саны жүзге жуықтайды. «ТӘЖ» клубына поэзия, прозаға әуестеніп, әңгіме, эссе, жыр жазумен шұғылданатын, яғни сөз өнерін сүйетін кез келген тұлға мүше бола алады.

– Кітапхананы дамыту, соған сай оқырман қауымға сапалы қызмет көрсету үшін кітапханада тағы да қандай қадамдар жасалуда?

– Кез келген жаңа құбылыс, яғни жаңғыртулар сәтті жүргізілген жағдайда жалпы қоғамдық сипат алып жатады. Кітапхана қызметіндегі жаңарулар кітапханада көрсетілетін қызметтер түрлері жақсартылып, қызметтік міндеттемелерін тиянақты атқара алған да ғана өзіндік мәнмаңызға ие болады.

Инновация – бұл ғаламдық бәсекелестік факторы. Инновациялық даму кітапхана ісінде де кітапханаларды жаңартудың тиімді нұсқасы әрі саланы жан-жақты жаңғыртудың бірден бір тәсілі ретінде танылды. Электронды каталогтардың, интернет-конференциялардың, кітапхана сайттарында ұйымдастырылған тақырыптық блогтардың пайда болуын, сондай-ақ, инновациялық дамуды да жаңарудың айқын үлгісіне қоса аламыз. Бүгінгі біздегі менеджмент үздіксіз даму тұжырымдамасына негізделді. Ұлттық академиялық кітапхананы дамытудың басты бағыттары халықаралық ақпараттық кеңістікке қазақ елінің де ықпалдасуы, Қазақстандағы ақпараттық қоғамды қалыптастыру және «Қазақстан-2050» Стратегиясының іске асырылуымен қамту тәрізді ғаламдық факторлармен айқындалады.

Осы реттегі кітапханалық қызметті жетілдірудің алғышарттары: цифрлы ақпараттарды басқару және цифрлы стратегиялар саясатын күшейту, ақпараттық ресурстарды дамыту және оларды халыққа ақпараттық кітапханалық қызмет көрсетудегі сапасын арттыру мақсатында біріктіру, ұлттық қорды сақтау әрі ұлғайта түсу үшін жағдай жасау, сараптамалық және анықтамалық консалтингпен қамту, мәдениет саласын дамытуға байланысты мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету үшін халықты әлеуметтік кепілдікпен қамтамасыз етуге бағытталған кітапханалар қызметінің нормативтік-құқықтық базаларын жетілдіру, Қазақстан Республикасындағы озық жұмыс тәжірибелері мен кітапханалық стандарттарды әзірлеуге жетекшілік ету. Осы орайда, кітапханада ғылым, менеджмент және маркетинг қызметі құрылды. Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету – кітапхананың негізгі міндеті екендігін ескерсек, олардың сұранысын, талап-тілегін анықтау үшін маркетингтік қағидаттарды міндетті түрде қолдану қажет.

– Әңгіме арнасын кітапханадағы шешімін күтіп тұрған мәселелерге бұрсақ.

– Кітапханаға келісімен шаруашылық жұмыстарын жолға қойдым. Бірақ барлық елдердегі кітапханаға ортақ мәселе бар. Ол – қорларды сақтау мәселесі. Біздің кітапханада да кітап қорын жасақтау, толымдау мәселесі күн тәртібінен түспеген. Халықаралық норма бойынша, мәселен, балалар кітапханасына жылына келіп түсетін жаңа кітаптар саны 5%-дан кем болмауға тиіс. «Мәдениет туралы» Заңға сәйкес, Ұлттық кітапханалар мемлекеттің аумағында жарық көрген кез келген баспа өнімін ақысыз негізде алып, сақтауға міндетті мекеме болып есептеледі. Мұнымен айтпағым, мекемедегі кітап қорын құру, жазба құжаттарды жинақтау жағы әлі де «жұмыла жүк көтеруді» қажет етеді.

– Қазақстанның Ұлттық электронды кітапханасы жобасына қатысты пікіріңіз?

– Ұлттық электронды кітапхана жобасының түпкі идеясы – тамаша. Бірақ бұл – күні-түні тынымсыз жұмыс жасауды талап ететін тым күрделі процесс. Бәрінен бұрын Ұлттық электронды кітапхана порталының жұмысымен қамтамасыз ететін серверлік бекеттерді жаңарту қажет болғандықтан, жаңа компьютерлермен біртіндеп жабдықтай бастадық. Келесі мәселе ҚазҰЭК порталын толымдау тәсіліне келіп тіреледі. Меніңше, құжаттардың бәрін бірдей цифрлы форматқа ауыстыра беруден нәтиже шықпайды. Алдымен, кітаптардың электронды каталогын жасап, әдебиеттерге деген зәрулікті анықтау үшін мониторинг жүргізіп, ең көп сұранысқа іліккен құнды басылымдарды электронды кітапханаға жайғастыру керек. Осы орайда, ескеретін жайт, кейбір озық елдерде кітапты цифрлап, авторлық құқықты реттейтін арнайы компаниялар кітапханадан тыс жұмыс істейтін көрінеді.

Соған қарамастан, авторлармен және автор құқығын иеленушілер мен өзара келісімшарттар жасалуда. ҚазҰЭК контентіне қазақ қаламгерлерінің еңбек терін енгізу ісі ешқашан тоқтамақ емес.

– Өзіңіз жетекшілік ететін еліміздің бас кітапханасындағы алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен дүниеге келген Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының он жылдық жарқын ғұмыры тарих

қойнауына еніп барады. Соған орай Астанада 30 қарашада және 1 желтоқсанда «Елбасы және ұлттың рухани жаңғыруы» тақырыбында халықаралық форум өтеді. Аталған шара Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне және Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының 10 жылдық мерейтойына арнап ұйымдастырылғалы отыр. Шара барысында салаға қатысты жарияланған байқаулар қорытындыланады. Бұл күндері форум қатысушылары алғаш рет Астанада, Ұлттық академиялық кітапханада Кітап мұражайының ашылу рәсіміне, Қазақстандық Ұлттық Электронды кітапхананың мобильді нұсқасының тұсаукесеріне куә болады.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Айгүл Сейілова.